

2023 ЖЫЛҒЫ «*О.А.*»
№ *1482* хатқа
ҚОСЫМША



ҚАДЫР МЫРЗА ӘЛІНІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНА АРНАЛҒАН «ҚАДЫР ӘЛЕМІ» ФЕСТИВАЛІН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

ФЕСТИВАЛЬ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАРЫ:

Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК,
Қадыр Мырза Әлі атындағы BINOM SCHOOL мектеп-лицейі.

ФЕСТИВАЛЬ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ:

Астана қаласы орта білім беру ұйымдарының барлық пән педагогтері қатыса алады. Қатысушының жасына, еңбек өтіліне шектеу қойылмайды.

МАҚСАТЫ: Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның халық жазушысы, Қазақстан Республикасы «Тарлан» сыйлығының иегері Қадыр Мырза Әлінің шығармашылығын, әдеби мол мұрасын насихаттау, талантты педагогтердің өнерін жарыққа шығару, мұғалімдердің арасында шығармашыл педагогтердің тәжірибе алмасуын жүзеге асыру.

МІНДЕТТЕРІ:

- Қадыр ақынның шығармаларын оқу, мазмұнын ашу, бейнелеу өнерімен байланыстыру;
- Өн әлеміндегі Қадырдың сөзіне жазылған әндерін орындау, насихаттау;
- Қадыр Мырза Әлінің ақындық жолын жалғастырып жүрген ақын-ұстаздарды жарыққа шығару.

ФЕСТИВАЛЬДІ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ:

Өткізу уақыты: 5 қаңтар 2024 жылы Қадыр Мырза Әлі атындағы BINOM SCHOOL мектеп-лицейінде өтеді. Тіркелу уақыты: 09:00-09:45.

Қатысушы фестивальға қатысуға өтінімді қосымшаға сәйкес толтырып, 2023 жылдың 25 желтоқсанына дейін kadyrmyrasu@mail.ru поштасына жібереді. Туындаған сұрақтар бойынша +7 705 917 4655 телефон нөміріне хабарласа алады.

ФЕСТИВАЛЬДІҢ БАҒЫТТАРЫ:

1. «Өлең – өнер пернесі» Қадыр Мырза Әлінің шығармасы бойынша сурет салу байқауы;
2. «Бір жақсысы – тілге ерік берген екен...» ақын педагогтер байқауы;
3. «Қазақ осы – күй шығарып, ән салып...» ақынның сөзіне жазылған немесе композитор-педагогтердің ақынға арналған әндер байқауы.

БАЙҚАУ ЖҰМЫСТАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

1. «Өлең – өнер пернесі» Қадыр Мырза Әлінің шығармасы бойынша сурет салу байқауының өту тәртібі:
 - ✓ қатысушының бірі комиссия ұсынған шығарманы нақышына келтіріп оқиды;
 - ✓ екінші қатысушы оқылған шығарманың мазмұнын бейнелейді;
 - ✓ жұптық жұмысқа 30 минут уақыт беріледі;
 - ✓ жұмысты қорғауға 5 минут уақыт ұсынылады;
 - ✓ 3 балдық жүйемен бағаланады.

Қатысушы жұп өзімен бірге қажетті заттарын ала келеді (сурет салуға арналған А3 торшон қағазын, гуаш, акварель бояуы, кист, палитра, су құятын ыдыс, қол сұртетін қағаз майлық т.б.).

«Өлең – өнер пернесі» байқауының бағалау критерийлері:

- ✓ шығарманы бейнелеуде мазмұнының ашылуы;
- ✓ идеяны іске асыруға креативті көзқарас;
- ✓ шешендік өнерді шебер қолдануы;
- ✓ бейнені сахналандыру мен әуенмен сүйемелдеу.

2. «Бір жақсысы – тілге ерік берген екен...» ақын педагогтер байқауы; Қатысушы Қадыр Мырза Әліге немесе Қазақстан Республикасының атаулы күндеріне арналған бірнеше өлеңдерін ұсына алады. Соның ішінде 1 шығармасын мәнерлеп жатқа оқиды.

«Бір жақсысы – тілге ерік берген екен...» байқауының талабы:

- ✓ шығармаларын Microsoft Word форматында А4 парақ түрінде немесе өзінің шығармалар жинағын ұсынады;
- ✓ басқа байқауларға ұсынылған және талапқа сай келмейтін шығармалар қабылданбайды.
- ✓ оқитын шығарманы сахналандыру мен әуенмен сүйемелдеу;
- ✓ 3 балдық жүйемен бағаланады.

Бағалау критерийлері:

- ✓ ұсынылған шығармалар тақырыбының байқау мақсатына сәйкестігі;
- ✓ шығарманың идеялық мазмұны;
- ✓ туындының көркемдік сапасы;
- ✓ автордың оқу мәнері, дауыс дикциясы.
- ✓ регламент 5 минут.

3. «Қазақ осы – күй шығарып, ән салып...» байқауының талабы:

- ✓ қатысушы бір шығарма орындауы қажет;
- ✓ Қадыр Мырза Әлінің сөзіне жазылған немесе ақынға арналған басқа автор мен композитордың әнін сонымен бірге ақынның сөзіне жазылған қатысушының өз туындысын орындай алады;
- ✓ орындау уақыты 3-3,5 минуттан аспауы қажет;
- ✓ қатысушы өзінің минусовкасын флешкаға немесе телефонға көшіріп алып келуі шарт;
- ✓ 3 балдық жүйемен бағаланады.

Бағалау критерийлері:

- ✓ дауыс ырғағының тазалығы;
- ✓ сахна мәдениеті;
- ✓ шығарманың байқау мазмұнына сәйкестігі;
- ✓ сыртқы көркемдік бейне.

Фестиваль қорытындысы:

Фестиваль бағыттарының әр байқауы бойынша қатысушылар Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК-ның I, II, III дәрежелі дипломдарымен, номинацияларымен марапатталады.

Ескерту: байқау материалдары (жинақтар, салынған суреттер) қайтарылмайды.

қосымша

«Қадыр әлемі» атты қалалық танымдық-шығармашылық фестиваліне сұраныс үлгісі:

№	Мекеме атауы	Қатысушының аты-жөні	Лауазымы	Байқау бағыты	Телефон нөмірі, электронды почтасы